



010000, Нұр-Сұлтан қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй
тел.: 55-66-31, 55-66-36, факс: 55-72-94

010000, г. Нур-Султан, ул. Бейбитшилик, 11
тел.: 55-66-31, 55-66-36 факс: 55-72-94

№
13.05.2022 № 3 ге

**Тұрақты комиссияның
2022 жылғы 13 мамырдағы
қаулысы**

**Жастар арасында нашақорлық пен құмар
ойындарының алдын алу жөніндегі
проблемалық мәселелер туралы**

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының заңдылық, құқық тәртібі және жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы «Жастар арасында нашақорлық пен құмар ойындарының алдын алу жөніндегі проблемалық мәселелер туралы» ақпаратты тыңдап және талқылап, келесіні атап өтеді.

Қалада синтетикалық есірткінің заңсыз айналымы проблемасы өткір болып тұр. Жыл басынан бері «102» пультіне есірткінің заңсыз айналымы фактілері туралы 199 хабарлама келіп түскен, есірткі өндірумен айналысатыны анықталған 3 зертхананың қызметі жойылды, заңсыз айналымнан 52 кг түрлі есірткі құралдары тәркіленді.

2022 жылдың есептік кезеңінде қалалық Полиция департаментінің бөлімшесі 37 қылмыстық іс қозғады.

Дәріханалық нашақорлық мәселесі шешілмей келеді; фармацевттер, атап айтқанда Жангелдин көшесі, 7 үйдегі дәріханада, Дүкенұлы көшесі, 30 үйдегі «Аю» дәріханасында, Күйші Дина көшесі, 11/1 мекенжайындағы «Гамма Фарм» дәріханасында құрамында кодеин бар дәрілік препараттарды дәрігердің рецептісіз сатуды жалғастыруда.

Қалалық әкім аппаратының құрылымдық бөлімшелері, Полиция департаменті әзірлеген 2022-2025 жылдарға арналған «Нұр-Сұлтан – есірткісіз қала» кешенді жоспарының іс-шаралары толық көлемде орындалып отырған жоқ.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Қалалық психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚ МКК-де 1376 есірткі тұтынушы динамикалық бақылауда тұр, оның ішінде басым опиоидтарды пайдаланатындар - 667, психикалық белсенді заттарды біріктіріп пайдаланатын пациенттер – 251, стимуляторларды (тұз) – 245, каннабиноидтарды пайдаланатындар - 202 пациент.

Есептік кезеңде есірткі заттарын тұтынушы 212 адам анықталды, оның ішінде: опиоидтарды – 51, каннабиноидтарды - 61, стимуляторларды (тұздарды) – 58, галлюциногендерді – 1, есірткі әсер ететін ұшпа заттарды – 4, бір мезгілде бірнеше есірткі заттарды пайдаланатындар – 37 адам.

Синтетикалық есірткілердің көп таралуы және сатылуы интернет-ресурстар арқылы, сондай-ақ жастар бос уақытын көп өткізетін бірқатар ойынсауық мекемелерінде жүзеге асырылады.

Бүгінгі таңда жастар арасында орын алып отырған ең маңызды проблемалардың бірі – ойынға тәуелділік. Құмар ойындарына тәуелділік проблемасы – бұл психологиялық, педагогикалық және әлеуметтік себептермен бірге, оның медициналық себебі қатар жүретін күрделі мәселе.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының заңдылық, құқық тәртібі және жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. «Жастар арасында нашақорлық пен құмар ойындарының алдын алу жөніндегі проблемалық мәселелер туралы» ақпарат назарға алынсын.

2. Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігінс:

есірткіге қарсы іс-шараларды өткізуге бөлінген қаржыландыруды ескере отырып, 2022-2025 жылдарға арналған «Нұр-Сұлтан – есірткісіз қала» кешенді жоспарының іс-шараларын орындау бойынша жұмысты жалғастыру;

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚ МКК кәмелетке толмаған балаларды бейіндік емдеу және оңалту үшін, оларға арналған төсек-орындармен қамтамасыз ету жөніндегі мәселені пысықтау;

елорда аумағында есірткі құралдарының заңсыз айналымы саласындағы қылмыстарды анықтау және құжаттау жөніндегі жұмысты жақсарту үшін Нұр-Сұлтан қаласы Полиция департаментінің Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының техникалық жарақтандырылуын жақсарту жөніндегі мәселені зерделеу ұсынылсын.

3. Нұр-Сұлтан қаласының Полиция департаментіне:

1) үлестіру өнімдерін, билбордтарда есірткіге қарсы бағыттағы материалдарды дайындау жөніндегі қызметтерді жүзеге асыру;

2) автобустарда ақпараттық бейнеролик орналастыру жөніндегі қызметтерді жүзеге асыру;

3) елорданың тұрғын үйлерінің кіреберістерінде сыртқы жарнамалар орналастыру бойынша іс-шараларға «Нұр-Сұлтан қаласында нашақорлықтың және есірткі бизнесінің алдын алу жөніндегі қызметтер» 352 004 бюджеттік бағдарламасы бойынша шығыстар лимитін ұлғайту жөніндегі мәселені пысықтау;

есірткі қылмысы саласында қылмыстық бұзушылықты қайта жасау фактілерінің орын алуына байланысты, шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған тұлғаларға бақылауды күшейту;

есірткіні сатып алумен, сатумен және тұтынумен айналысатын адамдарды анықтау бойынша мақсатты рейдтік іс-шараларды тұрақты жүргізу;

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының штат санын ұлғайту жөнінде хат жолдауға бастамашылық ету;

анықталған адамдарға қатысты оларды профилактикалық есепке қою және емдеу мекемелеріне жіберу бойынша пәрменді шаралар қабылдау;

қалаға басқа өңірлер мен елдерден келген адамдарды тексеруді жүзеге асыру;

қаланың көңіл көтеру орындарында жүйелі түрде синтетикалық құралдардың таралуының алдын алу бойынша жедел іс-шаралар жүргізу;

мектеп психологтарын, колледж психологтарын кәмелетке толмағандарға дәрістер оқуға, тренингтер өткізуге, психологиялық көмек көрсетуге мүмкіндік беретін дағдыларға оқыту үшін психолог мамандар пулын қалыптастыру жөніндегі мәселені пысықтау;

«Алматы», «Байқоңыр», «Есіл», «Сарыарқа» аудандарының әкімдіктерімен және басқа да мүдделі органдармен бірлесіп есірткіге тәуелділіктің алғашқы белгілерін түсіндіру, есірткі сатуға қатысы бар сайттарды жарнамалау фактілерінің жолын кесу, сондай-ақ есірткі зертханаларын анықтау бойынша көмек көрсету үшін пәтер иелерінің кооперативі (ПИК), мүлік иелерінің бірлестіктері (МИБ) төрағаларымен, коммуналдық қызметтермен кездесулер өткізу;

«ҚР ӘМ Сот сараптамалары орталығы» РМҚК Нұр-Сұлтан қаласы бойынша филиалы Химиялық сараптама орталығымен бірлесіп, ҚР Әділет министрлігіне amazon speed Toxtureg токсикологиялық талдаушысына қойылатын талаптар туралы хат дайындау;

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің қалалық департаментімен, Нұр-Сұлтан қаласы әкімі аппаратының құқық қорғау органдарымен жұмыс жасау бөлімі және терроризмге қарсы комиссиясымен бірлесіп, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне фармацевтикалық қызметті жүзеге асыратын, тыйым салынған психобелсенді заттарды сататын жеке немесе заңды тұлғаларға қатысты жауапкершілікті қатаңдату, дәріхана басшыларын және осы препараттарды сатқандарды қылмыстық жауапкершілікке тарту ұсыныстарымен хат жолдау;

«Нұр-Сұлтан қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы» ММ-мен бірлесіп, есірткі және психобелсенді заттар сатылымының жолын кесу жөнінде шаралар қабылдамағаны үшін ойын-сауық орындары иелерінің жауапкершілігі мәселесі бойынша елорданың ойын-сауық орындары мен түнгі клубтарының өкілдерімен кездесу өткізу ұсынылсын.

4. «Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» ММ:

1) Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың тізіміне трамадолды және тропикамидті енгізу бойынша;

2) «Психикалық денсаулық саласында медициналық-әлеуметтік көмек көрсетудің кейбір мәселелері туралы» ҚР ДСМ 2020 жылғы 25 қарашадағы № ҚР ДСМ-203/2020 бұйрығына ауруды ерте сатысында анықтау мақсатында профилактикалық бақылау және консультациялық есепке алу ұғымын енгізу бөлігінде өзгерістер енгізу бойынша;

3) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің қалалық департаментімен бірлесіп, психотроптық заттардың рецептісіз сатылуын анықтау үшін қала дәріханаларына жоспардан тыс тексерулер жүргізу жөніндегі мәселені шешу мақсатында бұйрық шығару бойынша;

4) есірткіге тәуелді науқастарды профилактикалық бақылау және консультациялық есепке алуды жүргізу бөлігінде «Психикалық денсаулық саласында медициналық-әлеуметтік көмек көрсетудің кейбір мәселелері туралы» ҚР ДСМ бұйрығына өзгерістер енгізу туралы хаттың жобасын дайындау бойынша Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне хат жолдауға бастамашылық ету ұсынылсын.

5. «Нұр-Сұлтан қаласының Ішкі саясат басқармасы» ММ-не есірткіге қарсы өткізілетін профилактикалық іс-шараларды жариялау үшін «журналистік пул» құру ұсынылсын.

6. «Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы» ММ:

оқушылар мен ата-аналар арасында есірткі құралдарын пайдаланудың зиянды салдарын түсіндіруге бағытталған алдын алу іс-шараларын жүргізу және есірткіні пайдалануға байланысты проблемалары бар кәмелетке толмағандарға көмек көрсету;

қиын өмірлік жағдайға тап болған адамдарға консультациялық қызметтер көрсету жұмысын ұйымдастыру, нашақорлық мәселелері бойынша психологиялық және заң жөнінен консультациялар өткізу;

кәмелетке толмағандар арасында ойын және компьютерлік тәуелділіктің алдын алу бойынша педагогтар мен ата-аналар үшін арнайы әдістемелік құралдар әзірлеу ұсынылсын.

7. «Нұр-Сұлтан қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасы» ММ-не «Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы» ММ-мен бірлесіп:

оқушылар, студенттер арасында есірткі ахуалын зерделеу бойынша әлеуметтік сауалнамалар мен зерттеулер жүргізу жөнінде шаралар қабылдау;

жастар арасында нашақорлықтың алдын алу және салауатты өмір салтын насихаттау жөнінде әлеуметтік желілерде тарату үшін бейнеконтент, роликтер, фильмдер жасау ұсынылсын.

8. «Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ-не мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстар бойынша мемлекеттік сатып алуды жүргізу жөнінде оқыту тренингтерін өткізу ұсынылсын.

9. «Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы» ММ, «Нұр-Сұлтан қаласының Ішкі саясат басқармасы» ММ, «Нұр-Сұлтан қаласының Мәдениет басқармасы» ММ, «Нұр-Сұлтан қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасы» ММ, «Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» ММ, «Нұр-Сұлтан қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасы» ММ:

конкурстық комиссияның қарауы арқылы шағын гранттар тетігі бойынша 1,5 млн. теңгеге дейінгі орташа гранттарды енгізу;

қолданыстағы бюджет заңнамасы шеңберінде үш жылдық іске асыру кезеңіне жастар арасында нашақорлықтың алдын алу жөнінде мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс жариялауды қарастыру ұсынылсын.

10. «Нұр-Сұлтан қаласы Полиция департаменті» ММ Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасына «Нұр-Сұлтан қаласының Ішкі саясат басқармасы» ММ-мен бірлесіп есірткі қылмысына қарсы күрес жөнінде бейінді ақпараттық журнал шығару туралы мәселені пысықтау ұсынылсын.

11. «Нұр-Сұлтан қаласының Ішкі саясат басқармасы» ММ-не «Нұр-Сұлтан қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы» ММ-мен және басқа да мүдделі органдармен бірлесіп:

қала кинотеатрларында, сауда орталықтарында, базарларында халық арасында есірткі ахуалын зерделеу бойынша әлеуметтік сауалнамалар мен зерттеулер жүргізу жөнінде шаралар қабылдау;

жастар арасында нашақорлықтың алдын алу және салауатты өмір салтын насихаттау жөнінде кинотеатрларда, сауда орталықтарында, қала базарларында тарату үшін бейнеконтент, роликтер, фильмдер жасау;

әлеуметтік жарнаманы орналастыру кезінде оңалту орталықтарының, үкіметтік емес ұйымдардың анонимді сенім телефондарын көрсету ұсынылсын.

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының
заңдылық, құқық тәртібі және жұртшылықпен
жұмыс мәселелері жөніндегі
тұрақты комиссиясының төрағасы**



Н. Көпешов